

## Качир ауданы Жаңақұрылыс ауылдық округі Трофимовка ауылы көшелерінің атауларын қайта атау туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Жаңақұрылыс ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 31 қаңтарда № 5355 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Жаңақұрылыс ауылдық округі Трофимовка ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде Жаңақұрылыс ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Качир ауданы Жаңақұрылыс ауылдық округі Трофимовка ауылының мына көшелерінің атаулары:

"Степная" көшесі "Батыр Баян" көшесіне;

"Мира" көшесі "Бейбітшілік" көшесіне;

"Совхозная" көшесі "Тәуелсіздік" көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақұрылыс ауылдық  
округінің әкімі*

*Б. Капбасова*